

АККРЕДИТТЕУДІҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ
СТАНДАРТТАРЫ

Астана 2018

УДК 378
ББК 74.58
С 76

Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығының Сарапшылар Кеңесімен ұсынылған

Рецензенттер: педагогика ғылымдарының докторы, профессор К. Сарбасова, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А. Саипов

С 76 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын интитуционалдық аккредиттеу Стандарттары: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын интитуционалдық аккредиттеу Стандарттары. Астана, 2018.

ISBN 978-601-341-010-4

Осы стандарттар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын интитуционалды аккредиттеуді ұйымдастыру және жүргізуге арналған нормативтік талаптарды белгілейді

УДК 377
ББК 74.58

© АТҚО, 2018

Алғы сөз

1 «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» Коммерциялық емес ұйымымен **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН**

2 «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» Коммерциялық емес ұйымы директорының 2017 жылғы «06» қаңтардағы №1-Б бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3 АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңының нормалары іске асырылады

Осы стандарттар «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» коммерциялық емес ұйымының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көбейтілмейді және таратылмайды

Мазмұны

Алғы сөз	3
Қолдану саласы	5
Нормативтік сілтемелер	5
Терминдер және анықтамалар	6
Белгілер мен қысқартулар	8
1-ші Стандарт	9
Даму стратегиясы және мақсаттары, миссиясы	
2-ші Стандарт	9
Басқару және менеджмент	
3-ші Стандарт	10
Білім беру бағдарламалары	
4-ші Стандарт	12
Педагогикалық қызметкерлер және оқытудың тиімділігі	
5-ші Стандарт	13
Білім алушылар	
6-шы Стандарт	14
Ресурстар: материалдық-техникалық, қаржылық, кітапханалық және ақпараттық	
7-ші Стандарт	16
Сапаны ішкі қамтамсыз етудің жүйесі	
8-ші Стандарт	16
Қоғамды ақпараттандыру	
Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі	17
Библиография	18

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ИНТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

1 Қолдану саласы

1.1. Осы стандарттар техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарын институционалдық аккредиттеуді ұйымдастыру және өткізуге арналған нормативтік талаптарды белгілейді.

1.2. Осы стандарттарды меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ТжКБ ұйымдарын институционалды аккредиттеу кезінде қолдануға болады.

1.3. Осы стандарттарды ТжКБ ұйымы өз қызметін ішкі бағалау және тиісті ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін пайдалануға болады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

2.1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2.2. Қазақстан Республикасы «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II Заңы.

2.3. Қазақстан Республикасы «Сәйкестікті бағалаусаласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі №61-IV Заңы.

2.4. 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

2.5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлеріне қойылатын жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 Қаулысы.

2.6. «Сәйкестікті бағалау және аккредиттеудің стандарттық нысандары, аккредиттеуден кейінгі келісімдер саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы № 430 Бұйрығы.

2.7. 2016 жылғы 16 наурыздағы Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиясы хаттамасымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері».

2.8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша типтік оқу бағдарламаларын және типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығы.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес пайдаланылады.

Бұларға қосымша, осы стандартта келесі анықтамалар белгіленген:

3.1. Аккредиттеу органы – олармен әзірлеген стандарттар (ережелер) негізінде стандарттарды (ережелерді) әзірлейтін және білім беру ұйымдарын аккредиттеуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

3.2. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу - аккредиттеу органының аккредиттеудің белгіленген стандарттарына (ережелеріне) сәйкестігін олардың сапасы туралы шынайы ақпаратты беру және оны жетілдірудің тиімді механизмдерінің болуын растау үшін тану тәртібі.

3.3. Базалық құзыреттілік - өзіне және өз іс-әрекетіне бақылау жасау қабілеті, өзін-өзі ынталандыру үрдісі және өзін-өзі ұйымдастыру бейімділігі.

3.4. Сыртқы сараптама - бұл аккредиттеу органы мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен шарттарына негізделген, ТЖКБ ұйымы қызметінің барлық аспектілерін қамтитын рәсім, содан кейін мамандандырылған стандарттарға сәйкес немесе шарттардың сақталмағанына жөнінде шешім шығарылады.

3.5. Қашықтан білім беру технологиялары – білім алушыны және педагогикалық қызметкерді аралық (алыс қашықтықта) немесе толығымен аралық емес өзара әрекеттесу арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып оқыту;

3.6. Білім - жеке және кәсіби қызметте қолданылатын нормалар, ақпараттар.

3.7. Институционалдық аккредиттеу – білім беру ұйымының сапасын аккредиттеу органының белгіленген стандарттарына және мәлімделген мәртебесіне сәйкестігіне аккредиттеу органымен бағалау процесі;

3.8. Біліктілік - алынған мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін құзырлы орындау үшін дайындық деңгейі.

3.9. Біліктілік - еңбек нарығына арналған құзыреттіліктердің құндылығын ресми тану және жұмысқа орналасу құқығын беретін одан әрі білім алу және оқу.

3.10. Құзыреттілік - қызметкердің кәсіби қызметте білімін, икемділігін және дағдыларын қолдану қабілеті.

3.11. **Бағалау шарттары** - ТЖКБ ұйымының қызметіне аккредиттеу өткізілетін көрсеткіштер жиынтығы.

3.12. **Оқу–білім алушылар ментәрбиеленушілердің білімдерін, дағдыларын, қабілеттерін және құзыреттіліктерін игеру, қабілеттерін дамыту, күнделікті өмірде білім алуда тәжірибе алу және өмір бойы білім алуға ынталандыру мақсатындағы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға бағытталған мақсатты процесс;**

3.13. **Білім беру бағдарламасы** - білім берудің мақсаттарын, оқытудың нәтижелері мен мазмұнын қоса алғанда, білім берудің негізгі сипаттамаларының жиынтығы, оқу үдерісін ұйымдастыру, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен әдістері, оқу нәтижелерін бағалау шарттары;

3.14 **Салалық біліктілік шеңбері** - салада танылған біліктілік деңгейінің құрылымдық сипаттамасы.

3.15. **Кәсіптік білім** – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызметті жүргізуіне және (немесе) нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді алуына бағытталған білім беру түрі;

3.16. **Кәсіби стандарт** - біліктілік деңгейіне, құзыреттіліктерге, мазмұнға, сапаға және еңбек жағдайына қатысты кәсіптік қызметтің белгілі бір саласын анықтайтын стандарт.

3.17. **Кәсіби құзыреттілік** - бұл еңбек саласының талаптарына сәйкес тиісті түрде әрекет етуге дайындық және қабілет, міндеттер мен проблемаларды әдістемелік ұйымдастырылған түрде және өздігімен шешу, сондай-ақ өз қызметінің нәтижелерін өздігінен бағалау.

3.18. **Кәсіби құзыреттілік** - кәсіби қызметті нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, дағды, қабылет және білім, сонымен қатар жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі.

3.19 **Өзін-өзі бағалау процедурасы** - өзін-өзі бағалау туралы есеп дайындалатын институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеудің стандарттарына және шарттарына негізделген ТЖКБ беру ұйымы жүргізетін ішкі бағалау процесі.

3.20 **Аккредиттеудің стандарттары (ережелері)** - аккредиттеу рәсіміне қойылатын талаптарды белгілейтін аккредиттеу органының құжаттары.

3.21 **Мамандандырылған аккредиттеу** - білім беру ұйымы жүзеге асыратын жеке білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау.

3.22 **Техникалық және кәсіптік білім** - білікті жұмыс кадрлары мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған білім;

3.23 **Біліктілік деңгейі** - стандартты емес еңбек әрекеттеріне, жауапкершілік және тәуелсіздікке күрделілік параметрлері бойынша сараланатын, қызметкерлердің біліміне, қабылеттілігіне, дағдыларына және кең құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы стандартта төмендегі таңбалар мен қысқартулар қолданылады:

АК – Аккредиттеу кеңесі

ТжКБ – Техникалық және кәсіптік білім

МЖМББС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

«АТҚО» КЕҰ – «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы»

Коммерциялық емес ұйымы

ССТ – сыртқы сарапшылар тобы

1-ші СТАНДАРТ

Даму стратегиясы және мақсаттары, миссиясы

Білім беру ұйымының даму стратегиясы мен мақсаттары, миссиясы атап айтқанда, ТжКБ жүйесінің білім беру саласының ұлттық саясатын көрсетеді

Шарттар

1.1. Білім беру ұйымының (бұдан әрі - ББҰ) нақты, анық белгіленген миссиясы, ҰБЖ-мен сәйкес келетін даму стратегиясы бар.

1.2. Білім беру ұйымы ТжКБ жүйесінің даму стратегиясы шеңберінде әзірленген миссияны қамтиды.

1.3. ТжКБ ұйымының даму стратегиясы мен мақсаттары, миссиясы мекеменің бірегей сипатын және даму басымдықтарын көрсетеді.

1.4. Миссия, мақсаттар мен стратегиялар білім беру қызметтері нарығындағы және аймақ пен елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінің нарығында ТжКБ ұйымының орны мен рөлін білдіреді.

1.5. Даму стратегиясы ББҰ-ның материалдық және адами ресурстарына сәйкес келеді және білім алушылар мен оқытушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

1.6. Миссия, мақсаттар мен даму стратегиялары еңбек нарығының талаптарына сәйкес жобаланады.

1.7. ББҰ-ның миссиясы, мақсаттары мен міндеттері ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың қажеттіліктерін көрсетеді.

1.8. ББҰ-ның қысқа, орташа және ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлары бар.

1.9. ББҰ-ы өзінің миссиясы мен мақсаттарына жетуіне және олардың одан әрі жетілуіне бағалау жүргізеді.

1.10. ББҰ-ның даму стратегиялық жоспары, материалдық ресурстарға және мәлімделген миссияға сәйкес жасалады.

1.11. ББҰ-ы барлық мүдделі тараптарға ТжКБ ұйымының миссиясы, міндеттері мен даму стратегиясы, қоғамға ақпараттың қол жетімділігі туралы хабарлайды.

2-ші СТАНДАРТ

Басқару және менеджмент

Басқару жүйесі, әкімшілік құрылымдар және олар жүргізетін тәжірибе мәлімделген миссияны орындауға бағытталған

Шарттар

2.1. ББҰ-ның басқару жүйесі ББҰ-ның құжаттарында (Жарғы, ББҰ-ның құрылымдық құрылымы туралы ереже) көрініс тапқан.

2.2. Бөлім басшыларының функционалдық міндеттері мен құзыреттілігі

тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін және «Білім туралы» Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін басшылық құжаттарда (лауазымдық нұсқаулықтарда, ішкі ережелерде, ережелерде) жазылған.

2.3. ББҰ-ның функционалдық, ұйымдастырушылық және кадрлық құрылымы миссияға, мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.

2.4. ББҰ-ның басқару жүйесі білім алушылар мен оқытушылардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуға мүмкіндік береді.

2.5. ББҰ-ның миссияға, стратегияға және мақсаттарға сәйкес қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлауды әзірлейтін, жүзеге асыратын және бақылау мен іске асырудың нақты тетіктері бар.

2.6. ББҰ-ы жалпы жағдайды талдайды және шешім қабылдау кезінде сенімді деректерді пайдаланады.

2.7. Саясат пен үдерісті басқару PDCA(plan-do-check-act) әдісінің көмегімен сапаны басқаруға негізделген.

2.8. ББҰ-ның білім беру бағдарламалары мен басқа да процестердің тиімділігі туралы деректер жинауды қамтамасыз ететін тетіктері бар.

2.9. ББҰ-ның оқу бағдарламалары жайындағы сандық және сапалық деректердің сапасын бағалаудың бейтарап тетіктері бар.

2.10. ББҰ-ның ұйымдастыру, функционалдық және штаттық құрылымы материалдық-техникалық ресурстарына сәйкес келеді.

2.11. ББҰ-ның қызметі тиімді ішкі ережелермен, ережелермен, лауазымдық нұсқаулықтармен және т.б. реттелген.

2.12. Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінің біліктілігі ББҰ-ның басқару міндеттеріне сәйкес келеді.

2.13. ББҰ-ы мерзімді деректерді талдайды, ал қажет болған жағдайда деректерді жинау әдістеріне өзгертулер енгізеді.

3 - ші СТАНДАРТ

Білім беру бағдарламалары

Білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады, білім беру ұйымының миссиясымен келістіріледі

3.1. Білім беру бағдарламалары МЖМББС, СБШ, кәсіби стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3.2. Білім беру бағдарламалары оқу орнының академиялық біліктілігі мен миссиясына сәйкес келетін оқу нәтижелеріне сәйкес мұқият тұжырымдалады.

3.3. ББҰ-ы оқу және оқытуға, сондай-ақ студентке бағытталған оқытуға ықпал ететін білім беру бағдарламаларының күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз ететін саясатты жүргізеді.

3.4. ББҰ-ында білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау тұрғысынан бағалау саясаты жүзеге асырылады және академиялық адалдықты қамтамасыз етеді.

3.5. Білім беру бағдарламалары құзыреттілікке негізделген және оқытуға арналған модульдік-кредиттік тәсіл негізінде әзірленеді.

3.6. Білім беру бағдарламасы терең кәсіптік дағдыларды, жоғары кәсіптік дағдыларды (сын тұрғысынан ойлау, өмір бойы оқыту, үш тілдік) дамытуға бағытталған компоненттерден тұрады.

3.7. ББҰ-ы еңбек нарығының талаптарына байланысты өзгеретін дағдылар мен қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша сабақтардың (факультативтердің) жұмысын қамтамасыз етеді.

3.8. ББҰ-ында бағалау мен жетілдірудің тиімділігін, академиялық бағдарламалардың мониторингін қамтамасыз ететін саясат қарастырылған.

3.9. Білім беру бағдарламалары тұрақты түрде қайта қаралады және жетілдіріледі, бағдарламаларға сараптама жүргізіледі.

3.10. Білім беру бағдарламаларының мазмұны МЖМББС-на сәйкес келеді және бағдарлама мен мамандандыруға сәйкес білім алушылардың қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.

3.11. ББҰ-ы білім беру бағдарламасының сапасын кері байланыспен қамтамасыз ететін мүдделі тараптардың қатысуымен өзінің ішкі сапаны қамтамасыз ететін жүйесі шеңберінде мониторинг жүргізеді.

3.12. Оқу бағдарламасының шеңберінде білім беру бағдарламасының тиімділігі туралы мәліметтер жинақталып, талданады, білім алушылардың білімі мен құзыреті бағаланады, алынған білім сапасы туралы білім алушылармен кері байланыс жүзеге асырылады.

3.13. Білім беру бағдарламасы ақпарат жинаудың сәйкес келетін әдістерін, алынған ақпаратты талдау әдістерін, оларды қайта қаралуын және жетілдірілуін анықтайды.

3.14. Білім беру бағдарламасының мазмұны еңбек нарығының талаптары тұрғысында мерзімді түрде қайта қаралады.

3.15. Бағдарлама мазмұнының көлемі күтілетін оқыту нәтижесіне жету үшін жеткілікті.

3.16. Бағдарламаның мазмұны соңғы ғылыми және техникалық жетістіктерді және пәнаралық тәсілдерді ескере отырып әзірленген.

3.17. Оқу бағдарламасының мазмұны тәжірибеге бағытталған, студентке бағытқа байланысты белгілі бір іс-әрекеттерді орындауда тәжірибе жинақтауға ынталандырады.

3.18. Білім беру бағдарламасы инклюзивті білім беру мен оқыту мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді, әр оқушыға оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін тең мүмкіндіктер жасайды.

3.19. Білім беру бағдарламасы барлық мүдделі тараптардың қатысуымен әзірленеді, жүйелі түрде қайта қаралады және бекітіледі.

3.20. ББҰ-ы ақпараттық сауаттылықты дамытуға және білім алушылардың ақпараттық технологияларды білім беру мақсаттарында пайдалану қабілеттіліктерін арттыруға жағдай жасайды.

3.21. Білім беру бағдарламалары ТЖКБ берудің МЖМББС-на сәйкес жүзеге асырылады.

4-ші СТАНДАРТ

Педагогикалық қызметкерлер және оқытудың тиімділігі

ББҰ-ның білім беру бағдарламаларының миссиясы мен міндеттерін іске асыру үшін жоғары білікті оқытушылар мен қолдау көрсететін қызметкерлері бар

4.1. ББҰ-ы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін тиісті біліктілігі және кәсіби тәжірибесі бар оқытушылар құрамының жеткілікті санын қамтамасыз етеді.

4.2. ББҰ-ның білім беру бағдарламасының сапалы орындалуына ықпал ететін кадр саясаты бар.

4.3. ББҰ-ның миссияны орындау және білім беру бағдарламалары үшін қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жоғары білікті оқытушылары мен қолдау көрсететін қызметкерлері бар.

4.4. ББҰ-ында білім беру бағдарламаларының мақсаттарын жүзеге асыра алатын жоғары білікті білім алушыны және қолдау көрсететін қызметкерлерді жинауға ықпал ететін саясаттармен рәсімдер бар.

4.5. Әрбір білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық құрамға қойылатын біліктілік талаптары анық және нақты көрсетілген.

4.6. Базалық білім, қосымша білім - біліктілігін арттыру, тәжірибеден өту, педагог қызметкерлердің экономиканың тиісті секторындағы жұмыс тәжірибесі білім беру бағдарламаларының мақсаттарына жетуге ықпал етеді.

4.7. ББҰ-ында педагогикалық құрамды кезең-кезеңмен бағалау саясаты мен рәсімдері жүзеге асырылады.

4.8. ББҰ-ыжүйелі бағалау (ішкі және сыртқы) кезінде анықталған қажеттіліктеріне сәйкес педагогика қызметкерлерінің кәсіби даярлығын ұйымдастырады.

4.9. ББҰ-ы қызметкерлерді мансап сатысында көтерілуін қамтамасыз етеді.

4.10. ББҰ-ы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті техникалық және әкімшілік қызметкерлерді қамтамасыз етеді.

4.11. Педагогикалық қызметкерлер ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады.

4.12. ББҰ-ы заманауи білім беру технологияларын және инновациялық оқыту мен бағалау әдістерін енгізеді.

4.13. ББҰ-ның педагогикалық және басқа да қызметкерлері академиялық адалдықты, сондай-ақ ББҰ-дары қызметкерінің Ар-намыс Кодексін сақтайды.

4.14. Оқу жоспары күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті оқыту, оқыту және бағалау әдістері айқын анықталған. Білім беру бағдарламасында қолданылатын оқыту тәжірибесімен оқыту күтілетін оқу нәтижелеріне жетуді қамтамасыз етеді.

4.15. Педагогикалық қызметкерлер халықаралық деңгейде қабылданған озық білім беру тәсілдерін енгізуді қамтамасыз етеді.

4.16. ББҰ-ы білім беру мен оқытудағы тәсілдерінің сапасын бағалаудың тиімді тетіктерін қолданады.

4.15 ББҰ-ы педагогикалық қызметкерлерді ынталандырудың тиімді жүйесін қолданады.

5-ші СТАНДАРТ

Білім алушылар

Білім беру ұйымы студенттерге қажетті қолдау көрсетеді және тиімді оқу ортасын қамтамасыз етеді

5.1. ББҰ-ында білім алушыларды әділ жинақтау, іріктеу және оқуға қабылдау рәсімдерін ынталандыратын механизмдер бар. Білім алушылардың контингентін қалыптастыру, ауыстыру және қайтадан қалпына келтіру рәсімдері бекітілген және олар нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

5.2. ББҰ-ы бірінші курс студенттерін және басқа да білім алушылардың ережелер, білім алушыларға қолдау көрсету қызметінің жұмыс режимі және басқа да қызметтердің оқу ақысын төлеу тәртібі, қосымша сабақтар мен білім беру курстары, мұғалімдер мен әкімшіліктің байланыс деректері және т.б. жайында ақпаратпен қамтамасыз етеді.

5.3. ББҰ-ы білім алушыларға бағалаудың әдістері мен шарттары және күтілетін оқу нәтижесі туралы хабарлайды.

5.4. ББҰ-ында білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтау үшін саясат пен рәсімдер жүзеге асырылады.

5.5. Білім алушы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың негізгі қатысушысы болып табылады, сондықтан білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етуде оның мүдделері бірінші кезекте назарға алынады және оқыту мен бағалау студентке бағытталған болуы керек.

5.6. ББҰ-ы білім алушының тиімді оқуын қолдау мақсатында сабақтан тыс іс-шаралар үшін мүмкіндіктер береді және кеңес беру қызметтерін ұсынады.

5.7. ББҰ-ында басшылық пен әкімшілік персоналдан қосымша қолдау және кеңестер алу үшін білім алушыларға арналған ережелер мен кестелер белгіленген.

5.8. ББҰ-ында мансап қызметі жұмыс жасайды.

5.9. ББҰ-ында білім алушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жауапты орган жұмыс жасайды.

5.10. ББҰ-ында білім беру, кеңес беру сапасын қамтамасыз ету тетіктері және басқа да қызметтерді бағалау құралдары бар.

5.11. ББҰ-ында білім алушыларға қолдау көрсету қызметі жұмыс жасайды.

5.12. Білім алушылар әдістемелік материалдармен, ақпараттық ресурстар және т.б. қамтамасыз етілген.

5.13. ББҰ-ында ішкі сапа мониторингі жүйесі бар: бітіру курстардың кәсіби даярлығының, ағымдағы білімдерді бақылау нәтижелерінің, емтихан сессияларының және ТЖКБ ұйымында қорытынды аттестаттау нәтижелерінің талдауы жүргізіледі.

5.14. ББҰ-ы тиісті деңгейде кәсіби тәжірибені ұйымдастыруды және өткізуді, білім алушылардың оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, полигондарда, білім беру ұйымдарының оқу шаруашылықтарында, келісім шарт негізінде жұмыс берушілердің ұсынған жерлерінде, өндірістік оқыту, тәжірибе өтетін жер базасының сапасын, өндірістік оқыту және тәжірибе өту кезінде құзыреттіліктерді игеруді қамтамасыз етеді.

5.15. ББҰ-ы білім алушылардың, түлектердің және жұмыс берушілердің білім беру сапасымен қанағаттануын білу үшін тұрақты түрде сауалнама жүргізіп отырады.

5.16. ББҰ-ы жүйелі түрде түлектердің жұмысқа орналасуына талдау жасайды.

5.17. ББҰ-ы үлгерімі нашар және дарынды білім алушылармен қосымша сабақтар, үйірмелер және т.б. ұйымдастыру арқылы жұмыс жасайды.

5.18. ББҰ-ы білім алушыларға қызмет көрсету құрылымдарының жұмысын қамтасыз етеді: асханалар, жатақханалар, медициналық орталықтар, спорт залдары, компьютерлік орталықтар, кітапханалар.

5.19. ББҰ-ы түлектердің жұмысқа орналасуына жұмыс берушілердің қатысуын қамтамасыз етеді.

5.20. ББҰ-ы білім алушыларды қолдау қызметтерін бағалау тетіктері мен құралдарын қолданады.

6-шы СТАНДАРТ

Ресурстар: материалдық-техникалық, қаржылық, кітапханалық және ақпараттық

Білім беру ұйымының тиімді оқу ортасын құру және көрсетілген миссия мен мақсаттарды орындау үшін қажетті ресурстары бар

6.1. ББҰ-ы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық ресурстарды тиімді пайдаланады.

6.2. ББҰ-ы қажетті жабдықтарды қамтамасыз ету үшін тиісті қаржы ресурстарын бөледі және олардың миссиялары мен мақсаттарына қол жеткізу үшін тиісті жағдайлар жасайды:қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларды әзірлейді, қаржыландыру көздерін, білім беру үдерісіне (бюджеттік және бюджеттен тыс) қаржыландыру көлемін көрсетеді, бюджеттің құрылымы мен деңгейін сипаттайды.

6.3.ББҰ-ы ұсынатын білім беру бағдарламаларының тұтастығы мен сабақтастығын сақтау және қамтамасыз ету үшін, ББҰ-ында дәйекті қаржылық саясат пен мүмкіндік бар.

6.4. ББҰ-ында ақпараттар мен құжаттарды басқарудың ұтымды саясаты мен процедурасы бар.

6.5. ББҰ-ның ресурстардың тиімді пайдаланылуын, ресурстардың бар болуын, білім алушылар мен оқытушыларға ресурстардың қол жетімділігін және жарамдылығын, ресурстардың заманауилығын (жабдықтардың, лабораториялардың, құралдардың)бағалауға арналған тетіктері бар.

6.6. ББҰ-ында қазіргі заманғы техникалық құралдармен жабдықталған қажетті аудиториялар саны бар: оқу зертханалары мен тиісті білім беру бағдарламаларына, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін заманауи жабдықтармен жабдықталған шеберханалар;

6.7.ББҰ-ында қажетті компьютерлік және интерактивті сыныптар, оқу залы, тіл және оқу-әдістемелік кабинеттер бар, және оларда отыру орындары жеткілікті.

6.8. ББҰ-ның материалдық-техникалық базасы үнемі жаңартылып, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін толықтырылады.

6.9.ББҰ-ы жоғары жылдамдықты Интернетпен, және білім алушылар мен оқытушылардың мақсаттары үшін қажетті деңгейде Wi-Fi аймақтарымен қамтамасыз етілген.

6.10. ББҰ-ында оқу процесін сүйемелдеу үшін электрондық платформа жұмыс істейді.

6.11.ББҰ-ындаоқу, жалпы білім беру, гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, арнаулы, жалпы кәсіби пәндер бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттері бар. ББҰ-ы кітапханалық қордың тиімділігін, оның лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарымен анықталған нормалар тұрғысынан жаңартылатындығын бағалайды.

6.12.ББҰ-ындаэлектрондық тасымалдағышта әдебиеттер бар. ББҰ-ы электронды оқулық материалдардың үлесін үнемі бағалайды және олардың қол жетімділігін, алынған электрондық оқулықтар мен материалдардың үлесі мен тиімділігін,сонымен қатар осыТЖКБ беру ұйымының педагог қызметкерлерімен әзірленген оқулықтар мен материалдардың үлесін,білім алушылар үшін электронды оқу залының қол жетімділігін бағалайды.

6.13.ББҰ-ы электрондық каталогтармен, оларға қашықтан қол жеткізуді қоса, қол жетімді етуді қамтамасыз етеді.

6.14. ББҰ-ыбілім алушылар мен оқытушылардың оқытудың техникалық құралдарына қанағаттануының жүйелі бағалауын жүргізеді.

7-ші СТАНДАРТ

Сапаны ішкі қамтамсыз етудің жүйесі

ББҰ-ында сапа мәдениетін қалыптастыруға және барлық процестерді үздіксіз жетілдіруге көмектесетін сапаны ішкі қамтамасыз етудің жүйесі бар

7.1. ББҰ-ында сапаны қамтамасыз етудің ішкі саясаты мен процедуралары бар.

7.2. ББҰ-ы сапаны қамтамасыз етудің ішкі процестерін басқару үшін жеткілікті уақыт, материалдық, адами және қаржылық ресурстарды бөледі.

7.3. Ішкі және сыртқы мүдделі тараптар сапаны қамтамасыз ету процесіне қатысады. Білім алушылардың, қызметкерлердің, түлектердің, кәсіби саланың сыртқы және тәуелсіз сарапшыларының белсенді рөлі сапаны қамтамасыз ету жүйесінде маңызды мәнге ие және сапа мәдениетінің одан әрі дамытуына ықпал етеді.

7.4. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі жұмысының тиімділігі мезгіл-мезгіл бағаланады және қайта қаралады.

7.5. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі сыртқы бағалауды ойдағыдай өткізудің негізі болып табылады. ББҰ-ы ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды ақпараттандыру арқылы ББҰ-ында орын алған барлық процестердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

7.6. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесімен жүргізілген бағалаудың нәтижелері білім беру бағдарламаларын және білім беру ортасын жақсарту үшін қолданылады.

7.7. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі мекемеге біріктірілген ақпаратты ұсынады. Бұл ақпарат мекеменің өзінің саяси мақсаттарын орындауына және білім беру сапасын қамтамасыз етуге қолданатын кез келген рәсімдері мен құралдарын қоса алғанда, барлық тиісті саясат бағыттарына қатысты.

8-ші СТАНДАРТ

Қоғамды ақпараттандыру

ББҰ-ы өзінің процедуралары мен үдерістерінің ашықтығын қамтамасыз етеді және оларды жалпыға қолжетімді етеді, қоғамда іске асырылатын білім беру бағдарламалары аясындағы іс-шаралар туралы хабардар етеді

8.1. ББҰ-ы қоғамды ББҰ-ы атқаратын қызметтері жайында хабардар етеді:

- жаңа білім беру бағдарламалары мен оларды іріктеу шарттары ұсынылды ма;

- оқу соңында білім алушылар жауап беруі тиіс біліктілік талаптары мен оқу бағдарламалары үшін күтілетін оқу нәтижелері;
- оқыту және бағалау әдістері;
- оқуды сәтті аяқтаған және оқу мүмкіндіктерін беру туралы, сондай-ақ бітірушілердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат беретін білім алушылар саны;
- білім алушыларға қолдау көрсету қызметтері туралы ақпарат;
- педагог қызметкерлері туралы ақпарат;
- серіктестер туралы ақпарат.

8.2. Ішкі және сыртқы бағалау нәтижелерін жариялау, сондай-ақ шешім қабылдау жайында ақпарат:

- ішкі бағалау нәтижелері;
- сыртқы бағалау нәтижелері;
- білім беру сапасын жақсарту бойынша жоспарлар, енгізілген өзгерістер туралы есеп;
- қанағаттану жайында сұрау нәтижелері, кемшіліктерді анықтағаннан кейін орын алған өзгерістер.

8.3. Қоғаммен қарым-қатынас орнату үшін ББҰ-ында тұрақты кері байланыс тетіктері жұмыс істейді.

8.4. ББҰ-ы сайттың жаңартылуын, тиімділігі мен сайттың мазмұнын қоғамға, үміткерлерге, білім алушыларға және олардың ата-аналарына, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға қолжетімділігін бағалауды жүргізеді.

Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

Аккредиттеудің қолданыстағы стандартына оны одан әрі жетілдіру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Стандартқа өзгерістер мен толықтыруларды сарапшылардан, ТжКБ беру ұйымдарының және басқа да мүдделі заңды және жеке тұлғалардың ұсыныстары негізінде «АТҚО» КЕҰ-ы жүзеге асырады.

«АТҚО» КЕҰ-ы алынған ұсыныстарды және ескертулерді белгіленген тәртіппен олардың негізділігі мен мақсаттылығы жайында сараптама жүргізеді.

Сарапшылық кеңес көпшілік дауыспен стандартқа енгізілетін түзетулерді немесе толықтыруларды қабылдайды немесе қабылдамайды және аккредиттеу органының басшылығына оларды бекіту немесе бекітпеу туралы ұсыныс береді.

«АТҚО» КЕҰ-ы директорының бұйрығымен бекітілген аккредиттеу стандарттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларындағы стандартқа (немесе брошюр түрінде) өзгерістермен жаңа редакцияда шығарылады.

Библиография

[1] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

[2] «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы N 603-II Заңы.

[3] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 204 бұйрығымен бекітілген «Білім беру қызметіне лицензия беру» мемлекеттік қызмет стандарты.

[4] Еуропалық жоғары білім аумағында сапаны қамтамасыз ету жүйелерінің стандарттары мен басшылықтары. Еуропалық Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету қауымдастығы. 2006, Астана, ҚР БҒМ ҰАО, 36 б.

[5] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 520 бұйрығымен бекітілген 2014-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық жоспары.

[6] Еуропалық Кеңестің 2002 жылдың 12 қарашасындағы «Еуропадағы кәсіптік білім беру және оқыту саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы» Шешімі.

[7] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлеріне қойылатын жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 Қаулысы.

[8] 2016 жылғы 16 наурыздағы Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиясы хаттамасымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері».

[9] Кәсіби стандарттарды әзірлеу, қайта қарау, апробациядан өткізу және қолдану Ережелері, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 374-ө-м. бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 19 қазандағы № 8031 тіркелген.